

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 наурыздағы N 261 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 тамыз N 1165

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астана қаласын дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 наурыздағы N 261 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Астана қаласы әкімінің Астана қаласы, Абай даңғылы, 193

мекен-жайда орналасқан ғимаратты республикалық меншікке беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2-2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда аталған ғимаратты оның жарғылық капиталын баламды өзгертумен, кейін оны Қоғамның мүлкінің құрамына бере отырып, республикалық меншікке қабылдасын;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.